

Ортаңғы №2 «Күншуақ» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, оқу қызметінің циклограммасы
Қараша айы, IV-апта (23.11. -27.11.2020ж.)

Өтпелі тақырып:"Дені саудың жаны сау."

Апталық тақырып:"Күн,су,ауа біздің достарымыз."

Мақсаты:Балалардың тазалық туралы білімдерін кеңейту. Әрдайым денелерін, бөлмелерін таза ұстауға, сымбатты, әдемі болып өсуге тәрбиелеу. Тазалық көмекшілерімен таныстыра отырып, олардың қолдану тәсілдері туралы білімдерін кеңейту.

Міндеті: баланың денсаулығын сақтауға және нығайтуға; тұрмыста, көшеде, табиғат жағдайларында қауіпсіз мінез- құлық дағдыларын қалыптастыруға және балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибесін негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы байытуға, шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін пайдалана отырып, қимыл белсенділігіне қажеттілікті жетілдіруге бағытталған.

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі 23.11.2020ж.	Сейсенбі 24.11.2020ж.	Сәрсенбі 25.11.2020ж.	Бейсенбі 26.11.2020ж.	Жұма 27.11.2020ж.
Балаларды қабылдау Ата – аналармен әңгімелесу	8.00-8.40	Ата-аналар мен балалармен амандасу. Балаларды қабылдап, т өлшеу, тазалығын тексеру.				
Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б)		Санамақты үйрету. Мақсаты: Тілдерін жетілдіру, санамақты жаттау, есте сақтау қабілетін жетілдіру	Дидактикалық ойын: "Әр түрлі торсықтарды түстеріне қарай орналастыр" Мақсаты: Әр түрлі торсықтарды түстеріне қарай орналастыра білуді үйрету.	Балабақша Бәрі де бар бақшада Ойын, бөлме, асхана Орындық та тақта да Заттар да көп басқа да	Дидактикалық ойын: "Түсі қандай?" Мақсаты: Балаларға түстерді үйрете отырып, оларды ажырата білулерін дамыту.	Саусақ жаттығуы: Саусақтарымызды бір-бірлеп тұрғызып, аттарымен таныстырайық. Бас бармақ Балаң үйрек, Ортан терек, Кішкене бөбек, Шылдыр шүмек
Таңертеңгілік жаттығу		Ертеңгілік жаттығу кешені: "Доппен"				
Таңғы ас		Балаларға қолды дұрыс жууға, құрғатып сүртуге үйрету. Таза және ұқыпты тамақтануға қасық, кесе, сүлгіні орынды қолдануға және тамақтану кезінде аузын жауып жеуге үйрету. Балаларға тамақ ішкенде жан – жағына алаңдамай отыруға дағдыландыру. Тамақ ішіп болған соң майлықты қолдандыру.				
Ұйымдастырыған оқу – қызметіне (ҰОҚ) дайындық	8.40-9.15	Дидактикалық ойын: «Не жоқ?» Мақсаты: Балалардың	Дидактикалық ойын: «Бұл қандай түс?» Мақсаты: Балаларға	Қимылды ойын: "Сиқырлы қораптар" Мақсаты: Ептілікке, ш	«Мені кім шақырды?» ойыны Мақсаты:	Дидактикалық ойын: "Көкөністерді құрастыру. Мақсаты: Балаларды

		есте сақтауын, танымдық қабілеттерін дамыту	түстерді ажыратуға үйрету.	апшандыққа, мұқият болуға баулу.	Өз құрбы-құрдастарының дауысын тани білуді дамыту.	н есте сақтау қабілетін арттыру., көкөністерді ажырату.
Мектепке дейінгі ұйым бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері	9.15-10.20	<p>1"Қатынас" Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Күн» (өлең) С. Оспанов</p> <p>Мақсаты: Көлемі шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. Балаларға өлі табиғат туралы түсінік қалыптастыру.</p> <p>2."Шығармашылық"</p> <p>Математика негіздері Тақырыбы: "Табиғат тіршілігі"</p> <p>Мақсаты: Балаларға тілде көп-аз, теңдік, сонша сөздерін пайдаланып, екі заттар арасындағы заттар тобының арасындағы теңдік пен теңсіздікті орната білуін үйрету. Заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру.</p> <p>1)Әдіс-тәсіл: 1.Жұмбақ жасыру. 2.Қ.Оспановтың"Күн" өлеңін мәнерлеп оқып шығу.</p>	<p>2."Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы: «Өзеннен көпірмен өту»</p> <p>Мақсаты: Доғаның астынан оған соқтықпай, еңбектеуді үйрету, доптың ұшуының дұрыс жолын алға-жоғары қарай бүгілген қолын екпінмен түзетіп, келтіре білуін бекіту.</p> <p>3."Шығармашылық"</p> <p>Музыка Тақырыбы: «Күн мен жаңбыр» (Г. Абдрахманова)</p> <p>Мақсаты: Балаларға күн, су, ауаның пайдасы туралы түсінік беру. Музыканы тыңдауға, ілесе айтуға шақыру, би ырғақтарын жасауға талпындыру.</p>	<p>1."Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы: «Жолмен біз келеміз»</p> <p>Мақсаты: Шектелген алаң бойынша жүруде тұрақты тепе-теңдікті сақтауды үйрету, доғаның астынан еңбектей білуін бекіту.</p> <p>2."Қатынас" Көркем әдебиет Тақырыбы: «Бұлақ» өлең А.Асылбеков</p> <p>Мақсаты: Көрнекіліктер арқылы өлеңді мәнерлеп оқуға және есте сақтауға, барлық дыбыстарды дұрыс дыбыстауға үйрету. Шығарманы мұқият тыңдап сұрақтарға жауап беру, мазмұнын айтуға дағдыландыру.</p> <p>2"Шығармашылық" Сурет салу Тақырыбы: «Күн сәулесі»</p> <p>Мақсаты: Балалардың бояумен</p>	<p>2."Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қарағайлы орман»</p> <p>Мақсаты: Доптың ұшуының дұрыс жолын алға-жоғары қарай бүгілген қолын екпінмен түзетіп, келтіре білуін бекіту. доғаның астынан еңбектей білуін бекіту.</p> <p>1."Таным" Жаратылыстану Тақырыбы: «Тіршілік көзі»</p> <p>Мақсаты: Балаларды табиғатпен таныстыра отырып, күн,су,ауа туралы білімдерін кеңейту.</p>	<p>2"Шығармашылық Мүсіндеу Тақырыбы: «Шуақты күн" Мақсаты: Балаларға күн туралы айта отырып, оның бізге берер пайдасын түсіндіріп жеткізу. Ермексазды алақан арасымен дөңгелектеу арқылы жалпақтап мүсіндеу, оған есу арқылы ұзын таяқшалар жасау. Шығармашылыққа баулу, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>2."Әлеумет" Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: "Күн,ауа,су-бізге әрқашан қажет" Мақсаты: Балаларға күн, су, ауа туралы білім бере отырып, олардың табиғатта болатын құбылыстарына қызығушылықтарын</p>

		<p>3.Мағынасын түсіндіру,жатқа қайталатып айтқызу.Күн өлі табиғатқа жататынын толық мағлұмат беру.</p> <p>5.Д/ойын:"Күн мен түн"</p> <p>6.Сұрақ-жауап,мадақтау.</p> <p>2)Әдіс-тәсіл:</p> <p>1.Ғажайып сәт:2 қуыршақ қонаққа келеді.Қуыршақтарды салыстыру(бойларын ,шаштарын,киімдерін)</p> <p>2.Қуыршақтарға тең бөліп кәмпит беру.Тең,көп,аз ұғымдарын түсіндіру.</p> <p>3.Д/ойын:"Үйдің пішінін тап"</p> <p>4.Сұрақ-жауап.</p> <p>5.Сергіту сәті.</p>		<p>сурет салуға қызығушылығын арттыру, дөңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салу біліктерін арттыру. Шеңберден шығармай бояуға үйрету, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Әдіс-тәсіл:</p> <p>1.Амандасу</p> <p>2.А.Асылбеков "Бұлақ"өлеңі көрнекілік арқылы оқу.</p> <p>3.Өлеңнің мазмұнын түсіндіру,сөздерін қайталату,түсінік сұрау.</p> <p>4.Д/ойын:"Ненің суреті екенін тап?"</p> <p>5.Күн,су,ауа-туралы түсіндіріп,күннің пайдасын айту.</p> <p>6.Бояумен күннің сәулесін салу.</p> <p>7.Сергіту сәті.</p> <p>8.Сұрақ-жауап мадақтау.</p>	<p>Күн,су,ауаның тіршіліктегі маңызы мен құндылығы, адамға пайдасы туралы білімдерін дамыту.</p> <p>Қоршаған ортаны сақтауға, қорғауға тәрбиелеу.</p> <p>Табиғатты қорғауға, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</p> <p>Әдіс-тәсіл:</p> <p>1.Жұмбақты шешу.</p> <p>2.Көрнекілік арқылы күн, су, ауа туралы мағлұмат беру.</p> <p>3.Қостілділік:су-вода,күн-солнце,ауа-воздух.</p> <p>4.Тәжірибе жасау:Шарды үру арқылы ауаның бар екенін дәлелдеу.</p> <p>5.Сергіту сәті</p> <p>6.Сұрақ-жауап,мадақтау.</p>	<p>арттыру. Қоршаған ортадағы заттардың атауларымен, олардың пайдасы мен міндеттерімен таныстыра отырып, өлі, тірі табиғат жайлы білімдерін қалыптастыру.</p> <p>Әдіс-тәсіл:</p> <p>1.Амандасу.</p> <p>2.Өлі және тірі табиғат туралы түсінік беру.</p> <p>3.Тәжірибе жасау:Суы бар 2 стаканды алып,біреуіне бояу қосамыз.Сонда судың түсі өзгеріп,суды ластауға болмайтын ын,мөлдір,таза екенін айту.</p> <p>4.Жұмбақ жасыру.</p> <p>5.Ермексайдан шуақты күнді жасау.</p> <p>6.Сұрақ-жауап,мадақтау.</p> <p>7.Сергіту сәті.</p>
--	--	---	--	--	---	--

Серуенге дайындық	10.20-10.40	Киімдерін ретімен киюге үйрету. Киімді дұрыс орнына жинауды жалғастыру, бір-біріне көмектесіп алғыс айтуға тәрбиелеу.				
	10.40-12.00	<p>1. Күнді бақылау. Мақсаты: Бұлттардың арасынан күннің көзі сиреп қалғанын бақылау.</p> <p>2. Еңбек: ағаштын түбіндегі жапырақтарды жинау.</p> <p>3. Қимылды ойын: "Жалаушаға қарай жүгір."</p> <p>4. Жеке жұмыс Мадинадан күз ерекшелігін сұрау.</p> <p>5. Еркін ойындар</p>	<p>1. Жауыннан кейін жерді бақылау. Мақсаты: Жаңбырдан кейін жердің беті су, дымқыл болып өзгеріп ерекшелігін танып білу.</p> <p>2. Еңбек: Ойын алаңын реттеу.</p> <p>3. Қимылды ойын: "Ортаға түспек".</p> <p>4. Жеке жұмыс: Аяна мен Аминаттан күз айларын сұрау.</p> <p>5. Еркін ойындар:</p>	<p>Көліктерді бақылау. Мақсаты: Көліктердің пішінін, түсін ажырату. Биік-аласа ұғымдарын бекіту.</p> <p>2. Еңбек: Ойын алаңындағы усақ тастарды жинау.</p> <p>3. Қимылды ойын: «Торғайлар мен автокөлік» Мақсаты: балаларды шапшандыққа тәрбиелеу.</p> <p>4. Жеке жұмыс: Айзере мен Бекжннан пішіндерді сұрау</p> <p>5. Еркін ойындар.</p>	<p>Жыл мезгілінің өзгеруін бақылау. Мақсаты: Табиғат өзгерістері туралы түсініктерін кеңейту. (қырау, суық соғу)</p> <p>2. Еңбек: Ойын алаңын реттеу</p> <p>3. Қимылды ойын: "Пойыз"</p> <p>4. Жеке жұмыс: Мадина мен Нұрасылдан түстерді сұрау.</p> <p>5. Еркін ойындар</p>	<p>1. Құстарды бақылау. Мақсаты: Қыстап қалатын құс – торғай туралы білімдерін дамыту. Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.</p> <p>2. Еңбек: Құстарға жем беру.</p> <p>3. Қимылды ойын: "Мысық пен тышқан"</p> <p>4. Жеке жұмыс: Нұрасыл мен Аружаннан ата-анасының мамандықтарын сұрау..</p> <p>5. Еркін ойындар</p>
Серуеннен оралу	12.00-12.20	Балаларға сыртқы киімдерін шешіп, сөрелеріне ұқыпты жинауға дағдыландыру. Қолдарын таза жууға үйрету.				
Түскі ас	12.20-13.00	Балаларға тамақтану кезінде тыныш отыруға дағдыландыру. Астарына дәмділік тілеу.				
Түскі ұйқы	13.00-15.10	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау				
		Жәй әуенді тыңдату арқылы жәйлі, тәтті ұйқыға жатқызу	"Мақта қыз бен мысық" ертегісін айту арқылы ұйықтату	Жәй әуенді тыңдату арқылы тыныш, жақсы ұйқыға жатқызу.	Балаларды А. Қалаубаеваның «Ертегілер, ертегілер» әуенің тыңдату арқылы ұйықтату.	"Бауырсақ" ертегісін оқып беру арқылы ұйықтату.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	15.10-15.40	Балаларды ұйқыдан оятып, керілу, созылу жаттығуларын жасату. Төсек үстінде қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, оң аяқтарын көтеру, екі аяғын бірге ұстап түсіру.				
Бесін ас	15.40-16.10	Балаларды тамақты ұқыпты ішуге дағдыландыру. Балаларға майлықты дұрыс қолдануға үйрету.				

<p>Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар</p>	<p>16.10-16.30</p>	<p>Вариативтік компонент: "Сықырлы әлем." Тақырыбы: "Ақша бұлттар" Мақсаты: Ақмақтаны бұлттың пішінін келтіре отырып жапсыруды үйрету. Желіммен ұқыпты жұмыс жасауға машықтандыру</p> <p>Аружан мен Ақниеттен күз айларын сұрау.</p>	<p>Сурет бойынша әңгіме құрастыру. Мақсаты: Сөйлеу мәнерінің тәсілдерін сақтауға үйрету, сөздік қорларын молайту.</p> <p>Бекжан мен Нұрасылдан түстерді ажырата білуге үйрту.</p>	<p>«Бауырсақ» ертегісі Мақсаты: балаларды ертегі кейіпкерлерімен таныстыру. Ой өрістерін қалыптастырып, ертегі қиялдарына шолу.</p> <p>Айбибі мен Аминатан ертегі кейіпкерлерін сұрау.</p>	<p>Сюжеттік рөлдік ойын: "Қуыршақты емдейміз" Мақсаты: мейірімділікке тәрбиелеу, ойынға белсенділік таныту.</p> <p>Ақылбек пен Аянатқа айналадағы заттардың қандай пішінге ұқсас екенін айтқызу.</p>	<p>Табиғат бұрышындағы жұмыстар: Гүлдерге су құю, жапырақтарын сүрту. Топты жинау жұмыстарын ересектер көмегімен жүргізіп, кейбір еңбек әрекеттеріне ынталандыру</p> <p>Айзереге сөйлеу мәнерінің тәсілдерін (сөйлеу қарқыны, интонация) сақтауды үйрету.</p>
<p>Серуенге дайынды</p>	<p>16.30-16.50</p>	<p>Балаларға ішке киетін киімдерін сөрелеріне жинап, сырт киімдерін кигізу.</p>				
<p>Серуен</p>	<p>16.50-17.50</p>	<p>Құстарды бақылау Мақсаты: Торғай мен көгершінді салыстыру. Қимылды ойын: "Ақсерек, көксерек" Мақсаты: Балаларды ұйымшылдыққа, шапшаңдыққа үйрету. Ойынды ойын барысында түсіндіру Еркін ойындар</p>	<p>Кешкі ауа-райын бақылау. Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшелігін сезіну Қимылды ойын: "Жалауша" Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу Еркін ойындар</p>	<p>Көліктерді бақылау. Мақсаты: Көліктердің пішіні мен түстерін ажырата білу. Қимылды ойын: Мысық пен тышқан" Мақсаты: Балаларды жылдамдылыққа, шапшаңдыққа үйрету. Еркін ойындар.</p>	<p>Ағаштарды бақылау. Мақсаты: Аласа ағаштардың негізгі бөліктерімен таныстыру. Өсімдіктер әлеміне қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу Қимылды ойын: "Күн мен жаңбыр" Мақсаты: Балаларды шашыраңқы жан-жаққа жүгіруге және бір-біріне соғыспауға үйрету</p>	<p>Күз мезгілінің ерекшелігін бақылау. Мақсаты: Күз мезгілінің ауа райын сезіну. Қимылды ойын: "Қай жерден дыбыс шығады" Мақсаты: Балаларды тәрбиешінің белгісі бойынша қимылдауға, кеңістікте бағдарлау, ептілікке үйрету. Еркін ойындар</p>

Серуеннен оралу	17.50-18.00	Аяқ киімдерін кіре беріс жерге шешуге, киімдерін ретімен шешіп, жинап қоюға дағдыландыру. Қолдарын дұрыс жууға үйрету. құрғатып сүртулерін қадағалау.				
Балалардың үйге қайтуы.	18.00-18.30	Ата-аналармен балалардың тәртібі туралы сөйлесу.	Ата-аналарға төлем ақысын ұмытпауды ескерту	Ата-аналарға балаларды жылы киіндіруін ескеру	Оқу қызметіне жақсы қатысқан балаларды мадақтау.	Балалардың тазалығы туралы әңгімелесу.